

К.Жанбозұлы

Шыңжан университеті, ҚХР

«Байбөрі баласы Бәмсі Байрақ туралы жырда» бейнеленген ежелгі қазақы салттар

Мақалада қазақ әдебиетінің көркемдік дамуының аса маңызды асыл арнасын құрайтын ежелгі дәуір рухани мұрасы жан-жақты қарастырылған. «Қорқыт ата кітабының» үлкен тарауы «Байбөрі баласы Бәмсі Байрақ туралы жырда» бейнеленген ежелгі қазақ салттарының ұлттық тәлім-тәрбиедегі құндылығы талданды. Сондай-ақ әдеби дамудың көркемдік арналары тарихи сабақтастық тұрғысынан сараланды. Бүгінгі күнге дейін жетіп қана қоймай, сан ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеп келе жатқан мәдени мұраның әдеби және тарихи бірліктегі өзектілігі қазақ және көне дәуір әдебиеті дамуының көркемдік үдерісімен бірлікте ексшеленді.

Кілтті сөздер: ежелгі дәуір, рухани мұра, ежелгі қазақ салттары, ұлттық тәлім-тәрбие, әдеби даму, қазақ әдебиеті, көне дәуір әдебиеті, көркемдік үдеріс.

«Байбөрі баласы Бәмсі Байрақ туралы жыр» — әлем әдебиетінен өзіндік орын алған батырлық эпос «Қорқыт ата кітабындағы» негізгі жырлардың бірі. Қазір біздің қолымызда «Қорқыт ата кітабының» қазақ тіліндегі екі аударма нұсқасы бар. Бірі — филология ғылымдарының докторы, профессор Әуелбек Қоңыратбаевтың орыс тілінен аударған нұсқасы. Бұл 1986 жылы Алматыдағы «Жазушы» баспасынан жарық көрген. Енді бірі — Мәжит Әбузарұлының түрік тілінен аударған Шыңжан «Жастар-өрендер» баспасынан 1988 жылы жарық көрген нұсқасы. Біздің пайымдауымызша, екі нұсқаның аудармасында үлкен айырмашылық жоқ, негізінен ұқсас. Бірақ Қазақстанда жарық көрген басылымның тілі бізде жарық көрген нұсқаға қарағанда көнелеу, яғни байырғы сөздер молырақ, кейбір салтқа байланысты дүниелер де бұрынғы кезге жуықтау алынған. Ал Мәжит Әбузарұлының аудармасында исламдық түс өте басым, сондықтан біз Қазақстандағы аудармасын негіз етіп пайдаландық.

Тегін тектей келсек, «Қорқыт ата кітабы» — оғыздар мен қыпшақтарға тәуелді жыр, яғни оғыздар мен қыпшақтардың өмірі мен тұрмыс-тіршілігін, қоғамдық жағдайын, шаруашылық өмірін, олардың діни сенім-нанымдарын, салт-саналарын, оғыз ерлерінің өскен ел, туған жерін жат дұшпандардан, сыртқы шапқыншылықтардан қорғау сынды әлеуметтік тіршілікті бейнелеген жыр. Әйтсе де Қорқыт жөніндегі аңыздар қазақ халқында мол сақталған, әрі Қорқытты дүйім жұрт қазақ деп түсінеді (оғыз-қыпшақ түбі бір, ал қазақ-қыпшақ — бір ел). Сол себептен біз «Қорқыт ата кітабын» қазақ әдебиеті тарихына тәуелдеп келеміз. Кітапқа жазылған кіріспе сөзде профессор Әуелбек Қоңыратбаев: «Жырдағы таза көшпелі өмір суреті, тотемизм, шаманизм сарындарына қарасақ, Қорқыт жырларының алғашқы сюжеттері фольклор стилінде ерте замандарда Сыр бойында туған болады. Бұл тек селжүк (әзербайжан), түркімен (баяндүр) ортасында ғана туған жыр емес, сонымен бірге алғашқы арқауы Х ғасырдағы Сыр (Түркістан) тайпалары ортасында туып, кейін Кавказ, Анатолия жерінде хатқа түскен сюжеттер болмақ. Қорқыт жырлары Орта Азия, Кавказ, Қазақстан тайпаларына ортақ» деген пікірді ортаға салған [1].

Қорқыт және «Қорқыт ата кітабы» жайында сонау ХХ ғасырдың басынан тартып көптеген зерттеулер жарық көргені үшін жалпы кітаптың мән-жайына біз тоқталып отырмаймыз. Ескертетін бір жайт, түрік ғалымы Ж.Б.Паксой көрсеткеніндей, «Алпамыс және Бамсы-Байрақ екеуі бір дастан» [2]. «Алпамыс» дастанының қазаққа тәуелді екені де — көптеген зерттеудің негізінен туындаған тұжырым. Сондықтан біз бұл дастандардың ортақтығы, варианттары, зерттелу барысы, тағы сол сияқты түйіндерге тоқталып отырмай, көтерген тақырыбымызға көшеміз.

Дастанда бейнеленген үйлену тойына қатысты салттар.

Үйлену — адамзат өміріндегі ең ізгі істің бірі. Ол ұзақ тарихтан бері жеке адамдардың, отбасының, сондай-ақ қоғамның көңіл бөлетін зор ісіне айналып келеді. Солай болғандығы үшін той қуанышына қатысты әр тарихи дәуірде ұлттардың діни сенім-нанымдарына, ұлттық психикасына, өмір сүріп жатқан қоғамдық ортасына қарай түрліше салт-дәстүрлер қалыптасып отырған. Айталық, бел құдалық, бесік құдалық, қызға ұрын бару, үкі тағу, қалың мал беру, әменгерлік т.б. Осыларға байланысты алып барылатын алуан түрлі ырым-жырымдар тағы бар. Бұлардың кейбіреулері ұзақ

тарихтың көшінде, әр дәуірдің талғам-таразысының сұрыптауында қатардан қалса, кейбіреулері жалғасып бүгінге жетіп отыр. Ұмыт болып кеткен салттың кейбір үлгілері біз сөз қозғап отырған «Байбөрі баласы Бәмсі-Байрақ туралы жырда» кездеседі.

Қазақтың дәстүрлі салтында үйлену тойының басы құдалық, айттыру яки құда түсуден басталады. Екі жақ келіскеннен кейін күйеу ұрын барады, қалғаны осыдан кейін өз заңдылығы бойынша жалғаса береді. Енді осы салтқа байланысты баяндарды дастаннан іздеп көрейік.

Дастандағы баяндауға сүйенсек, тәңірден тілеу тілеп көрген балаларын Байбөрі бек пен Байбыжан бек бесікте атастырады. Байбөрінің ұлы Бәмсі Байрақ, Байбыжанның қызы Бану Шешек болатын. Күндерде бір күн Бәмсі Байрақ аң аулап жүріп, қызыл шатыр тігіп серуен құрып жүрген Бану Шешекке кездеседі. Бұрын бірін-бірі көрмеген екеуі жөн сұраса келіп, іштей біліскеннен кейін Бану Шешек өзінің кім екенін айтудан бұрын Бәмсі Байраққа шарт қояды. Ондағы шарты мыналар: аңға шығып жарысу, садақпен жамбы ату, күресіп сынасу. Бұл үшеуінде де Бәмсі Байрақ жеңеді. Сонымен қыз өзінің Бану Шешек екенін айтады. Оны білген Бәмсі Байрақ «қыздың бетінен үш рет сүйіп, бір рет тістеп алады. Одан соң біздің қосылатын тойымыз сәтті болсын деп саусағындағы алтын жүзігін алып қыздың қолына кигізеді».

Дүниеге келмеген балаға немесе бесіктегі нәрестеге ата-анасының келісімі бойынша құда түсу — қазақ халқында ертеде (негізінен бардам адамдарда немесе өте жақсы араласқан адамдар арасында) болған салт. Бұның нақтылы бір мысалы халқымыздың байырғы ғашықтық дастаны «Қозы Көрпеш — Баян Сұлуда» кездеседі. Онда Қарабай мен Сарыбай дүниеге келмеген балаларына құда болады. Кейін Қозының әкесі қаза болғандығы себепті, «баламды жетімге бермеймін» деп қыздың әкесі басқа жаққа қоныс аударады. Дастандағы трагедия осыдан басталады. Бұны біз әдебиет дей тұрсақ та, онда ежелгі салт-дәстүрдің бейнеленгендігін теріске шығаруға болмайды. Ал сүйген қалыңдығымен алғаш кездескенде оның бетінен сүю, бетінен тістеу салты өте ерте кезден келе жатқан салт-дәстүр үлгісі деп қарауға әбден болады. Бәлкім бұл беттен сүю немесе тістеу, одан соң белгі ретінде жүзігін жігіттің қызға беруі серт-уәденің айғағы болуы мүмкін. Бірақ бұл салт кейінгі заманға түбірінен жетпеген.

Дастанда құдалық сөйлесу, қалың мал беру жөнінде баяндар кездеседі. Айталық, Бәмсі Байрақ Бану Шешекпен кездесіп уәделескеннен кейін, Байбөрі құдалыққа сөйлесуге оғыз бектерінің ұйғарымы бойынша Қорқыт атаны жібереді. Қыз ауылына барған Қорқыт атадан қыздың ағасы Қарашар оның неге келгенін сұрайды. Сонда Қорқыт тұрып: «Мен сенің аспанмен таласқан қара тауынның басына шықсам деп келдім, суы гүрілдеп аққан мөлдір суыңнан өтсем деп келдім, мен сенің кең етегіңнен еніп, тар қолтығына сыйсам деп келдім. Көктің бұйрығы, тәңірдің жолы деп мен сенің айдан ақ, күннен сұлу қарындасың Бану Шешекті Бәмсі Байраққа алып келсем деп келдім» деп жауап береді. Сонда қыздың ағасы Қарашар Қорқыттан қалың мал сұрайды. Ол қалың малдың түрі мынадай: келеге түспеген мың улек, үйірге түспеген мың айғыр, саулық көрмеген мың қошқар, құйрығы мен мойыны жоқ мың ит, мың бүрге. Бұны Қорқыт құп көреді, әрі тауып береді.

Құдалыққа сөйлесуге тілді-жақты, көпті көрген, шежіре-шешен, салттан хабары мол қарт адамды жіберу, ол адамның қарсы жаққа барғанда өз мақсатын төте айтпай, орағытып, астарлап, мақал-мәтелдеп айтуы, қалың мал сұрап, қалың мал беру — қазақ халқында ертеден жалғасын тауып келе жатқан дәстүр. Оны былай қойғанда, қазақ халқында бертінгі кезге дейін қыран тазы сұрайтын жігіттер болған, ондай жағдайда жігіт жағы берген тазының қарғыбауын алып қалады, дастандағы «күйрығы мен мойыны жоқ мың ит» сұрауы осымен қатысты деп мөлшерлеуімізге болады.

Қалың малдың арғы дерегі сонау бір заманда хан патшалығымен құда болған үйсіндер жайлы жазбалардан кездеседі. «Өздерімен жауласып отырған ғұндарға қарсы одақтас табу үшін, заманымыздан бұрынғы 119 жылы Хан Ұди патша Жаң Чяньды батыс өңіріне екінші рет аттандырғанда үйсін күнбиіне сәлем айтып, құдаласу ойы бар екенін білдіреді. Үйсін күнбиі басында қабылдамайды, бірақ кейін ғұндардың қысымынан сақтану үшін 109–110 жылдары елші жіберіп, жылқы тарту етіп, Хань хандығының ханшасын алып, олармен құдандалы болатындығын білдіреді, қалың малға мың жылқы береді [3]. Ал бертінгі кездегі деректер Ыбырай Алтынсарин, Н.И.Гродеков, Л.Ф.Баллюзек, Қ.Халиди қатарлылардың ХІХ ғасырдағы жазбаларында бірқатар егжей-тегжейлі баяндалады. Лев Федорович Баллюзек «Кіші Орда қазақтарында заң ретінде жүретін, тіпті қазірде кездесетін халықтық дәстүрлер» деген мақаласында қазақтардың құда түсу салтына тоқтала келіп, қалың мал жөнінде төмендегідей мазмұндарды көрсетеді.

Бірінші, бас жақсы, яғни ең асыл. Қазақтар күйеу жігіттен сол кездерде аса өмірлік мәні болған төрт түрлі зат алатын: а) құралайды көзге ататын мылтық; ә) сол кездегі барымта, өзара қырғи-қабақ

жағдайда мейлінше қажет қару-жарак; б) талай қиын-қыстау заманда ілдіртпей алып шығатын, қашса көз жаздырып, қуса құтқармайтын текті арғымақ; в) тұлғасы, түрі мен күші жағынан өте сирек кездесетін көшпелі тұрмысқа, әсіресе басын бәсекеге тігіп бір жерден екінші жерге ауысып із кестіріп жүретін жортуылшылар мен барымташыларға өте ыңғайлы мая.

Екінші, қара мал, күйеу жігіттің нақ құда түскен кезде төлейтін шығыны, яғни қалыңдықтың құны іспетті қазіргі айтылып жүрген қалың малдың ең ірі, іргелі бөлігі. Бұрынғы Кіші Ордада қалың малдың осындай бөлігі, жоғарыда айтылғандай, жиырма, дәлірек айтқанда, он алты ірі қара, ал қалған төртеуі осы он алтының ішінде міндетті түрде болуға тиіс. Аналық малдың алдағы төлдері есебінен толықтырылатын жиырма ірі қараға теңестіріледі.

Үшінші, ілу — күйеу жігіттің қалыңдығына алғаш барып, алғаш көрісуіне жол ашатын жол кәдесі. Ол ұрын келу деп те аталады. Орал облысында ілу он түйеге дейін жетеді.

Төртінші, той мал — неке қиярға дейінгі салтанатқа жұмсалатын кәде. Оның мөлшері түйе не малдың басқа бір түрі бастаған қыз жасауына сәйкес келеді.

Бесінші, сұтақы — ана сүтінің өтемі. Ол бір түйеден жеті түйеге дейін жетеді.

Алтыншы, жігіт түйе, қалым түйе, яғни қос түйе. Осының үстіне қалыңдықтың ата-анасы күйеу жігіттен өте сәнді тігілген той көйлегі мен ер-тұрман алады.

Аталған қалың малдың ең ауқаттылар мен орташалар арасында жүретіні мәлім [4]. Осының барлығы да халқымыздың тарихында қалың мал берудің салттық негізге ие екендігін аңғартады. Қалың мал қазір де бар, бірақ қоғам жаңаланды, заман өзгерді, адамдардың санасы оянды, үйленетін жастарға өкімет орындары жауапкершілікпен қарайтын болды. Сол себептен қазір қалың малға мылтық, сауыт, тазы қатарлыларды сұрау бүтіндей жоқ. Бірақ қалың мал салты түрлі формалар арқылы ел арасында жалғасын тауып келеді.

Дастанда тағы мынадай баяндар кездеседі: «Оғыз заманында жігіт үйленетін болса, әуелі садақтан оқ атып, сол оқ түскен жерге қалыңдық шатыры тігілуші еді. Байрақ та сондай оқ атты. Сол оқтың барып түскен жеріне оңаша отау тігілді. Қалыңдықтан оның пәктігін, тән тазалығын білдіретін бір қызыл шекпен келген еді, оны Байрақ өзі киіп алды». Садақтан оқ атып, оқ түскен жерге отау тігу, ұзатылатын қыздың өз пәктігін білдіріп жігітке қызыл шекпен беру салты тым ерте кездің салты болса керек. Бәлкім, бұл жосын әдеттегі адамдар емес, ел батырлары сынды әйгілілерге қатысты жүрілетін болуы да мүмкін. Бұндай салтқа қатысты дүниелерді біз көбіне ауыз әдебиеті нұсқаларынан кездестіре аламыз. Одан бөлек «қыздың ерге шығу үшін үлкен тойдан бұрын мөлтек той өткізуі, үлкен тойда зүрне шалып, кепшік қағу (бұл музыка аспаптарының аты қазір кездеспейді, бәлкім, сырнай, даңғара болуы мүмкін), бикештердің айырым отырып қолдарын шапалақтап би билеп, өлең айтуы, оған қобыз қосып сүйемелдеу» сияқты мазмұндар кездеседі. Тойда бөлек отыру ертеден келе жатқан салт, онда өлең айту, күй шерту, би билеу болады. Бірақ шапалақ ұрып билейтін би қазір жоқ, оның қандай сипаттағы би екені бізге беймәлім. Бұл баяндаудан көз алдыға өзгеше бір көрініс елестейді. Бұл сонау оғыздар заманында халық арасында жалпылық сипат алған, кейінгі замандардағы ұзатылатын қыздың сырын, сыңсыма айтуы я болмаса аужар, беташар сияқты салттық үлгіге қатысты ойын түрі болуы да мүмкін. Бұл жайында қазірше кесіп бір нәрсе айта алмаймыз, ол үшін түркі тілдес халықтардың ерте кездегі ғұрыптарына тереңдей ізденіс жасау қажет.

Дастанда бейнеленген өлім-жітімге байланысты салттар.

Өлім жөнелту әрқандай бір ұлт халықтары үшін алғанда мәңгілік өшпейтін салт болып есептеледі. Ол дәуірден дәуірге жалғаса бермек. Өлім болса, оған қатысты жоралғылар іске асып отырады. Осы жолғылар, бір жағынан, діндік сипат алса, енді, бір жағынан, ұлттық психикамен, ұлттық дүниетаныммен, салттық ғұрыптармен тіке байланысып жатады. Бұның ішінде діни наным-сенімнің алатын орны ерекше. Сондай болғандығы үшін қазіргі кезде қазақ, ұйғыр, қырғыз, татар, өзбек т.б. ислам дініне сенетін түркі тілдес халықтардың өлім-жітімге қатысты салттарын исламдандықтан бұрынғы және исламдандықтан кейінгі салттар сынды екі қайнардан қарастырады. Қазіргі кезде біздің ұстанған жолымыз — сол исламдық салт. Десе де, қазақ халқы ислам дінін қабылдағаннан кейін де бұрынғы салттардың кейбір факторларын қағыс қалдырмай жалғап келген. Мәселен, қара салу, қаза болушыларға арнап шырақ жағу, ат тұлдау, ас беру, жоқтау айту т.б. Осы салттардың арғы тегі біз сөз етіп отырған дастанда бейнелеу тапқан.

Дастанда Қорқыт ата Бану Шешектің аулына барып құдалық сөйлесіп қайтқаннан кейін, Байрақ оқ атып оқ түскен жерге отау тігеді. Отауда Байрақ қырық жігітімен той тойлап отырғанда оларды гаурлер басып алып, Байрақты тұтқындап кетеді. Бұл хабарды естіген Байрақтың әке-шешесі, қарындастары, достары қатты қайғыға батады. Байрақтың әкесі өзінің үлкен бөркін жерге ұрып, «о

ұлым, ұлым» деп еңірей бастайды. Байрақтың ақ шашты кәрі анасы да еңіреніп жылап, көздерінен ащы жас шықты, өткір тырнақтарымен бетін тырнады, маңдайын төбелеп, қарғаның қанатындай қап-қара шаштарын жұлды. Беті қып-қызыл қан болған еді. Байбөрінің бойжеткен қыздары да ойнап-күлмейді, ақ саусақтарына қына жақпады. Байрақтың жеті қарындасы ақ киімін тастап, қара киді. «О бегім менің, алтын ағам! Өзінің дегеніне жетпей кеткен, жалғыз ағам», — деп жылады. «Бану Шешек өзінің ақ көйлегін тастап қара киім киді. Құздың піскен алмасындай қып-қызыл беттерін жұлды», — деп баяндалады. Бұдан өзге Байрақтың өлі-тірісін біліп келем деп кеткен Жалғаншы Жарташақ Байрақ өліпті деп хабар әкелгенде, қанды көйлекті көрген оғыз бектері ой бауырымдап, көрісіп жылай бастайды делінеді. Дастанда баяндалған қара жамылу, бет жыртып жылау, ой бауырымдап көрісу «Қорқыт ата кітабындағы» ең ақырғы дастан — сыртқы оғыздардың ішкі оғыздарға қарсы бас көтеруі және Байрақтың қалай өлтірілгені туралы жырда да кездеседі. Мәселен, Байрақтың қаза болғанын естігенде: «Бұл хабар Байрақтың әке-шешесіне жетті. Олардың ақ үйлері жылаған елге толды. Байрақтың шұбар атының құйрығын кесті. 40–50 жігіт қара киді. Байрағым, асыл туған ерім деп еңіреді» — деп, баяндалады.

Қазаға қайғыру, қазаны естірту, қара салу, ат тұлдау, ас беру, қамығып жоқтау айту — барлығы да қазақтың ежелден келе жатқан салты. Өлімге ой, бауырымдап бару, Іле, Тарбағатай өңірінде қазір де қаз қалпында сақталып келеді. Ертедегі бет жырту, күйеуі өлсе әйелін, сондай-ақ мінген атын, тірісінде істеткен қару-жарақтарын қоса көму салты бізге жетпеген, оған негізгі себептің бірі ислам дінінің ықпалы болса керек. Ислам дінінде қазаға қан төгіп жылауға тыйым салынған. Олай істеу қаза болған адамға ауыр келеді деп қараған.

Енді осы салтқа қатысты деректерге қарап көрелік. Солтүстік әулеттер тарихы 99 бума, 87 баяндағы түріктер жөніндегі баянда мынадай деп жазылған. Оларда өлген адамның мәйіті киіз үйге жайғастырылады. Балалары, немерелері, туыс-туғандары, ер-әйел демей, құрбандыққа жылқы, қой шалып, етін аруаққа атап, есіктерінің алдына жаяды да атқа мініп, үйді жеті айналып шығады. Содан үйге кірерде беттерін жыртып, дауыс қылады. Қан мен жас қосыла төгіледі. Жоқтау рәсімін осылай жеті рет қайталанғанда ғана аяқтайды. Содан соң, күннің сәтін таңдап өлген адамның тірісінде өзі мінген атын, тұтынған мүлкін денесімен бірге өртейді де белгілі бір мезгілде жерге көмеді. Жерлеу кезінде өлген адамның туыстары дәл өлген күндегідей тасаттық беріп, атпен шабады, беттерін жыртады. Қабірдің басына үй тұрғызылып, оның ішіне өлген адамның бейнесі салынған және оның тірі кезінде өткерген шайқастары жайлы белгі орнатылады. Әлбетте, егер ол бір адам өлтірсе, онда бір тас (бал) қойылады, кейбіреуінде ондай тастар жүзге, тіпті мыңға жетеді. Құрбандыққа шалынған қой мен жылқылардың басы қадаға ілінеді [5]. Сонымен қатар — еліміздің Ханзу жазбаларында сақталған дерек. Бұл дерек қазақтың ауыз әдебиетінен де орын алған. Қазақ халқының өлім-жітімге қатысты жырлардың бірі — жоқтау. Жоқтау — атадан балаға жалғасып келе жатқан салт. Ел арасында сақталған, оң жақта қалған әйелінің күйеуін жоқтаған мына бір жоқтауында біз сөз етіп отырған бет жырту, шаш жұлу сынды жағдайлар өте анық көрініс тапқан.

*...Бас-бас елім, бас елім,
Басыңа келген осы өлім.
Бұл істі салған құдайым,
Қара бір шашым жаяйын,
Жаяйын да жылайын,
Күнәлі бармақ, жезтырнақ,
Күнінде қанға бояйын,
Албыраған ақша бет,
Сүйегіне таяйын,
Мөлдіреген қара көз,
Жаспен оны ояйын,
Алшаңдап жүрген жас төрем,
Орныңа кімді қояйын,
Орқаш та, орқаш, орқаш тау,
Бауыры толған көк бастау,
Топ ішінде қиын-ды,
Жалғыз енді сөз бастау,
Бастамасқа шарам не,
Басыма салған қарам не*

*Мен жыламай кім жылар,
Бетімдегі жарам не?... [6].*

Ендеше, өлімде бетін тырнап қанату, жағасын жырту, шашын жұлу, оған қайғырып жоқтау айту — өте ерте кездің салты. Бұл тек қазақ халқы ғана емес, түркі халықтарына ортақ. Осы сұраққа қатысты бейнелер дүнхуаң, күчар мың үйлеріндегі там суреттерінде де бейнесін тапқан. Махмұт Қашқари «Түркі тілінің сөздігі» деп аталатын еңбегінде «ұлышды» деген сөзді түсіндіргенде, алып Ер Тоңғаның қазасы жайындағы жырдан «ерлер бөріден ұлып, жағаларын жырттып жылап еңіреді, үн шығарып жоқтап жырлады, жылап-сықтаудан көзі көрмей қалды» [7] деген мысалды келтіреді. Осының барлығы да «Бәмсі Байрақ» дастанындағы қазалы күймен ұқсас. Зерттеушілердің пікіріне сүйенсек, тірі адамның өз денесін зақымдап қан шығару арқылы қаза болушыға қайғыруы сынды бұл құбылыстың сипаты — аруақтың азабын жеңілдетіп, қорқынышты бәсеңдету, қаза болушыға арнайы адалдық, жақындық білдіру, қаза болушы мен тірілердің физиологиялық жақтағы қандастық қатынасын жалғастыру, тірілер өздерінен аққан қан арқылы қаза болушының о дүниеге баруына қуат беруі. Өйткені, ертедегі діни түсінік бойынша, адамның тәні өлгенімен, жаны өлмейді, ол қайта айналып, басқа формада дүниеге келеді деп есептеген. Бұл ерте кездегі шамандық дүниетанымның нәтижесі болатын. Иә, біз тілге тиек етіп отырған «Байбөрі баласы Бәмсі-Байрақ» туралы жырда халқымыздың салт-дәстүріне қатысты факторлар өте мол. Біз соның ішінен тек той және өлім-жітім салттарына қатысты кейбір баяндауларды ғана бөліп алып сөз қозғадық. Бұл тек осы дастан жайындағы жүйеден «Қорқыт ата кітабы жайындағы» ой толғанысымыздың бастамасы, үлкен ізденіске алғашқы беталыс деп білеміз. Себебі халқымыздың дәстүрін тану, ертедегі салт-сананы білу, сондай-ақ өшуге таяған іздерге қайтадан үңілу халық даналығына құрмет еткендіктің, ұлт мәртебесіне сүйенгендіктің, ата салтын ардақтағандықтың белгісі болып саналмақ. Ұлттық салт-дәстүрдің төркініне назар аудару келешек ұрпақтың бабалар басып өткен жолдарға, олардың сол бір сайранды да азапты күндерінің мәнін түсінуіне ауадай қажет.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қорқыт ата кітабы. — Алматы: Жазушы, 1986. — 160-б.
- 2 Паксой Ж.Б. Қорқыт ата кітабы жайында // Алқап. — 1987. — № 3. — 8-б.
- 3 Мырзаханұлы Ж. Тарихи-этнографиялық зерттеулер. — Іле: Халық, 1990. — 250 б.
- 4 Керімов Ш. Күйеу келтір, қыз ұзат. — Шыңжаң: Жастар-өрендер, 2001. — 192 б.
- 5 Жанго тарихнамаларындағы қазақтарға қатысты деректер. — 2-кіт. — Пекин: Ұлттар, 2003. — 323 б.
- 6 Қазақ әдебиетінің тарихы. — 1-т. — Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясы, 1948. — 562 б.
- 7 Қашқари М. Түркі тілдерінің сөздігі. — 1-т. — Алматы: Хант, 1997. — 591 б.

К.Жанбозулы

Древние казахские традиции, отраженные в «Жыре о Бамси-Байраке, сыне Байбори»

В статье всесторонне рассмотрено духовное наследие древнего периода и его влияние на художественные особенности казахской литературы. Проанализирована большая часть «Жыра о Бамси Байраке, сыне Байбори» из книги «Книга моего деда Коркыта», доказана ее художественная ценность. Исследовано развитие художественного метода в исторической ретроспективе. Отмечена роль духовного наследия, дошедшего до наших дней, и его культурная ценность, которые имеют высокое воспитательное значение.

The spiritual heritage of the ancient period and its influence on belles features of Kazakh literature are thoroughly examined in this article. A large part of the «epic about Bamsi Bayrak the son of Baybori» from the book «The Book of My Grandfather Korkut» is analyzed and its belles value is proved as well. The author examines the development of artistic method in historical retrospective. The role of the spiritual heritage which has come down to our days preserving cultural values that has a high educational value is proved.